2 Спорт: жетістіктің де жауапкершілігі бар

6 Халықтың құрметіне бөленген әнші

Сыр бойы

www.facebook.com/syrboyi.kz
www.instagram.com/syrboyi_kz
t.me/syrboyi_kz
twitter.com/syrboyi

№124-125 (21199-21200) 22 тамыз, сенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

ПРЕЗИДЕНТ

ҚАУІПСІЗДІК КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен аса маңызды минералдар, соның ішінде сирек кездесетін металдар саласын дамыту мәселелері жөнінде Қауіпсіздік Кеңесінің отырысы өтті.

Мемлекет басшысы Қазақстан ресурс және өндіріс әлеуеті жағынан Орталық Азияда көш бастап тұрғанына назар аударып, мұны мемлекет мүддесіне пайдалану қажеттігін айтты.

– Қазба байлығы мол елдер үшін әлемдегі қазіргі ахуал тиімді әрі бірегей мүмкіндіктерге жол ашып отыр, – деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Президент дүние жүзінде аса маңызды материалдарға қол жеткізуде мемлекеттер арасындағы бәсекелестік күшейе түскенін жеткізді. Бұл бағыт жоғары технологиялық салаларды дамыту тұрғысынан стратегиялық маңызға ие. Осы орайда Қазақстан қолда бар ресурстар мен өнеркәсіп әлеуетін тиімді пайдаланып, өз мүмкіндіктері мен өндіріс тізбегін дәйекті түрде дамытқаны жөн.

Жиын барысында Үкімет мүшелері саланың қазіргі жай-күйі, ресурс қорын игеру перспективасы, қайта өңдеу бағытын дамыту және кедергілер туралы есеп берді.

Отырыс қорытындысы бойынша Үкімет пен тиісті мемлекеттік органдарға саланы дамытуға қатысты жүйелі көзқарас қалыптастыру, реттеу тетіктерін жетілдіру, геологиялық барлау мен өңдеу ісін дамыту, техногенді минералдық түзілімдерді экономикалық айналымға қосу, зертханалар базасы мен кадрлар құрамын нығайту, сондай-ақ әкімшілік кедергілерді жою жөнінде нақты тапсырмалар берілді.

МӘСЕЛЕ

БАЛА ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІ: БАҚЫЛАУ ӘЛДЕ ТЫЙЫМ?

Коллаж Қуаныш Оразбаев

Бір кездері ата-ана баласының көше кезіп, үйге кеш оралғанына алаңдайтын. Бүгінде қауіп сыртта ғана емес, үнсіз бөлменің ішінде, баланың алақанындағы экранда отыр. Үй іші тыныш болғанымен, телефонның ар жағында бітпейтін бейнетаспа, жалған мінсіз өмір, кибербуллинг, қауіпті челлендждер мен баланың назарын барынша ұзақ ұстап қалуға құрылған алгоритмдер тынымсыз жұмыс істейді.

Әлеуметтік желі енді жай ғана ойын-сауық немесе байланыс құралы емес. Ол баланың көңіл күйіне, ұйқысына, сабағына, өзін бағалауына және айналасымен қарым-қатынасына ықпал ететін қуатты ортаға айналды. Ең қиыны – бала бұл ықпалды әрдайым сезіне бермейді, ал ата-ана оны кеш байқайды. Сондықтан әлемнің бірқатар елі мәселені жеке отбасының жауапкершілігіне ғана қалдырмай, заңмен шектеуге көшіп жатыр. Бұл Қазақстан алдына да өткір сауал қояды: баланы экраннан тыйыммен қорғаймыз ба, әлде оның санасын сауатты таңдау жасауға үйретеміз бе?

4-бет

ОҒЫЗ МӘДЕНИЕТІНІҢ ОРНЫ СЫР БОЙЫНДА САҚТАЛҒАН

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенттер сарайында халықаралық деңгейдегі ғалымдардың қатысуымен «Оғыздардың материалдық және рухани мәдениеті» ғылыми-танымдық кітап каталогының таныстырылымы, сонымен бірге, «Жанкент археологиялық экспедициясына 20 жыл» атты дөңгелек үстел өтті.

Жиынның алғашқы бөлімін Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің басқарма төрағасы-ректор Наурызбай Байқадамов ашып, маңызды жиынға арнайы шақырумен Ресей, Германия, Ұлыбритания, Өзбекстан және еліміздің өзге өңірлерінен келген мәртебелі ғалымдарға алғыс білдірді. Сондай-ақ модератор қатысушыларды жиынның күн тәртібінен хабардар етті.

3-бет

БЕРЕКЕЛІ БЕЛКӨЛ

Қалаға қарасты елді мекендердің дамуы – өңірдегі әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің нақты көрінісі. Кейінгі жылдары Қызылорда қаласына қарасты Белкөл кентінде тұрғындардың тұрмыс сапасын жақсартуға бағытталған бірқатар жоба жүзеге асып, елді мекеннің тынысы кеңейе түсті. Инфрақұрылым жаңарып, кәсіпкерлік жанданып, білім, мәдениет пен спорт салаларында оң серпін байқалады.

Кенті әкімі Жасұлан Сәдудің айтуынша, атқарылып жатқан жұмыстардың негізгі мақсаты – қордаланған мәселелерді кезең-кезеңімен шешіп, тұрғындарға қолайлы әрі қауіпсіз орта қалыптастыру.

БЮДЖЕТ БЕКЕМДЕЛІП КЕЛЕДІ

Кенттің даму қарқынын бюджет көлемінің өсуінен де байқауға болады. Өткен жылы Белкөлдің бюджеті бастапқыда 111,9 миллион теңге болып бекітіліп, жыл соңында 322,1 миллион теңгеге жеткен. Биыл жыл басында 123,5 миллион теңге көлемінде жоспарланған қаржы қазіргі таңда 475,5 миллион теңгеге дейін ұлғайды.

Салық түсімі де межеден асып отыр. 2025 жылға белгіленген 42 миллион теңгелік жоспар бойынша қазынаға 53,9 миллион теңге түсіп, көрсеткіш 128 пайызға орындалған. Ал 2026 жылдың алғашқы алты айында салық түсімі 20,8 миллион теңгені құрады.

– Бюджеттің өсуі тұрғындардың күнделікті өміріне қажетті жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бөлінген қаражатты ел игілігіне тиімді жұмсап, халықтың ұсыныс-пікіріне басымдық беріп келеміз, – дейді Жасұлан Сәду.

4-бет

Валюта бағамы $ 458,23 kzt € 535,99 kzt ₽ 5,46 kzt

Ауа райы: Сенбі +31⁰ +20⁰ | Жексенбі +33⁰ +21⁰

ҮКІМЕТ

ЕЛІМІЗДЕ 72 ТЕМІРЖОЛ ВОКЗАЛЫ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сай елімізде теміржол вокзалдары мен олардың инфрақұрылымын абаттандыру жұмыстары жүріп жатыр. Осы кезге дейін Қазақстанда 72 теміржол вокзалын реконструкциялау аяқталған. Бұл туралы Үкіметтің баспасөз қызметі мәлімдеді.

Жалпы Президент тапсырмасымен елімізде 124 вокзалды реконструкциялау бойынша ауқымды бағдарлама жүзеге асырылуда. Жұмыс вокзал инфрақұрылымын кешенді жаңғыртуды көздейді. Нақтырақ айтқанда, ғимараттар мен инженерлік желілерді жаңарту, платформалар мен вокзал маңындағы аумақтарды реконструкциялау, күту залдарын кеңейту, заманауи қауіпсіздік жүйелерін, лифтілер мен көтергіш құрылғыларды орнату, сондай-ақ кедергісіз орта құру қарастырылған. Ал барынша тозған нысандарда ескі ғимараттар толығымен бұзылып, орнына жаңа жолаушылар кешендері салынуда.

20 тамыздағы жағдай бойынша, Үкімет еліміздің 17 облысында 72 теміржол вокзалын реконструкциялауды аяқтады. Тамыз айының соңына дейін тағы 34 вокзалды пайдалануға беру жоспарда тұр. 15 нысанда жұмыс қыркүйек айының соңына дейін бітеді.

Жалпы биыл 124 вокзалдың 121-ін реконструкциялау көзделген. Тағы үш ірі нысан – Астана, Алматы және Түркістан вокзалдарындағы жұмыс 2027 жылы аяқталады. Олардың тарихи-архитектуралық құндылығы бар, сондықтан жұмыс ғимараттардың бастапқы сәулеттік келбетін сақтауға қойылатын талаптарды ескере отырып, жеке кесте бойынша жүргізілуде.

Айта кетейік, 2024 жылы 600 млн теңгеден астам қаржыға Қызылорда қаласындағы теміржол вокзалы ғимараты мен оған іргелес аумаққа күрделі жөндеу жүргізіліп, абаттандырылды. Республика бойынша қайта жаңғыртылатын 124 теміржол вокзалының 10-ы облысымыздың еншісінде. Осы кезге дейін Қазалы, Шиелі, Жаңақорған, Сексеуіл теміржол вокзалдары мен «Талап» бекетіндегі жолаушылар платформасы халық игілігіне табысталды. Арал, Төретам, Жосалы теміржол вокзалдарын, Тереңөзек пен Жалағаштағы қызмет көрсету пункттерін пайдалануға беру кезең-кезеңімен аяқталады.

«Вокзалдарды жаңғырту инфрақұрылымды артып келе жатқан жүктемеге бейімдеуге және ірі тораптық стансалармен қатар өңірлерде де жолаушыларға қызмет көрсету сапасын арттыруды қамтамасыз етеді. Қабылданып жатқан шаралар теміржол инфрақұрылымының сенімділігін арттыруға, қызмет көрсету сапасын жақсартуға және жолаушылар үшін неғұрлым қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік береді. Теміржол тасымалын дамыту және вокзалдарды жаңарту аясында жолаушылар ағынының одан әрі өсуі күтілуде, бұл көлік тораптарына жүктемені арттырады және қызмет көрсетудің заманауи стандарттарын сақтауды талап етеді» делінген мәлімдемеде.

«СБ» ақпарат

СПОРТ: ЖЕТІСТІКТІҢ ДЕ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ БАР

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Қазақстан – спорт державасы болуға тиіс. Сол үшін біз маңызды спорт нысандарын салып жатырмыз. Халықтың спортқа деген қызығушылығын арттыру – біздің ортақ міндетіміз» деген болатын.

Сыр спортындағы байыпты бастамалар мен өміршең жобалар республика аумағында үлгі ретінде қолданылуда. Бұл ортақ жетістік әркез жауапкершілік жүктейтіні де рас. Спорт күніне арналған жиында бұл туралы кеңінен баяндалды.

«Құзыреттілік орталығында» өткен салтанатты шараға облыс әкімі Мұрат Ергешбаев, облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тлеумбетов, зиялы қауым өкілдері мен спорт саласының ардагерлері қатысты.

Аймақ басшысы саланы дамытуда атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып, спортшылардың жетістіктеріне жоғары баға берді.

– Сыр өңірінің спортшылары әлемдік додалар мен ел біріншіліктерінде әрдайым жеңіс тұғырынан көрініп, еліміздің атын әлемге танытуда. Халықаралық аренада көк туымызды көкке көтерген сырбойылық спортшылар жыл басынан бері Әлем, Азия чемпионаттарынан 31 алтын, 16 күміс, 22 қола медаль жеңіп алды. Ал ел біріншіліктерінде 120 алтын, 100 күміс, 162 қола медальға қол жеткізді.

Өткен айда Қытайдың Ханчжоу қаласында өткен волейболды отырып ойнаудан Әлем чемпионатында ұлттық құрама өкілдері қола жүлдеге ие болды. Ұлттық құрама сапында жерлестеріміз Эрик Қасқабаев, Шыңғыс Медеуов, Ерасыл Әбдібек өнер көрсетіп, ел намысын абыроймен қорғады. Шыңғыс Медеуов Әлем чемпионатының «Үздік ойыншысы» атанды.

Өткен аптада Германияның Дортмунд қаласында өткен грек-рим күресінен халықаралық турнирде Сыр мақтанышы Айдос Сұлтанғали жеңімпаз атанып, ел мерейін үстем етті.

Кеше ғана өзіміздің «Қайсар» футбол командасы Қазақстан кубогының жартылай финалында астаналық «Жеңіс» командасын жеңіп, финалға жолдама алды. Бұл жетістіктер – мемлекет тарапынан жасалып жатқан қолдау мен сіздердің тынымсыз еңбектеріңіздің жемісі, – деді облыс әкімі.

Салтанатты шарада волейболды отырып ойнаудан Әлем чемпионатында қола жүлде алған ұлттық құрама сапындағы Сыр спортшыларына аймақ басшысы 1 млн теңге қаржылай сертификат табыстады. Сондай-ақ саланың дамуына сүбелі үлес қосқан азаматтар облыстың Құрмет грамотасымен, «Қызылорда облысының дамуына қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен, облыс әкімінің Алғыс хатымен, Туризм және спорт министрлігінің «Дене шынықтыру мен спортты дамытуға сіңірген еңбегі үшін», «Спорт саласының үздігі» төсбелгісімен, Құрмет грамотасымен, министрдің Алғыс хатымен марапатталды.

Айта кетейік, кейінгі төрт жылда Сыр өңірінде Президентіміздің, Үкіметтің ерекше қолдауымен, сол кездегі аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлының бастамасымен 11 мың орындық «Kaysar Arena» стадионы, Теннис, Инклюзивті спорт орталықтары және 24 жаңа спорт нысаны пайдалануға берілді.

Қаланың сәулеттік келбетіне көрік берген жаңа стадионға УЕФА-ның 4-санаттағы жоғары мәртебесі беріліп, республикалық және халықаралық футбол ойындарын өткізуге мүмкіндік алды.

Облыс орталығында аумағы 25 мың шаршы метр «Қызылорда Арена» көпбейінді спорт кешенінің құрылысы жүргізілуде. Нысан жыл соңына дейін ел игілігіне беріледі деп жоспарлануда.

Бүгінде аймағымызда 388 мыңнан астам тұрғын бұқаралық спортпен шұғылданады. Спорт резерві мен жоғары дәрежелі спортшыларды даярлайтын 33 спорт мектебінде 22 мыңнан астам шәкірт кәсіби бағытта тәрбиеленеді.

«СБ» ақпарат

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ІРІ ЖОБАЛАРДЫ ІЛГЕРІЛЕТУ ҚАРЕКЕТІ

Өңірде бірқатар маңызды жоба қолға алынғаны белгілі. Осыған орай, «Мемсараптама» РМК бас директоры Тимур Қарағойшиннің төрағалығымен өткен жиынға облыс әкімі Мұрат Ергешбаев тікелей байланыс арқылы қатысты.

Жиында алдағы уақытта жүзеге асырылатын жаңа жобалардың жоба-сметалық құжаттамаларын әзірлеу, мемлекеттік сараптамадан өткізу және құрылыс жұмыстарын ұйымдастыру барысы қаралды.

Ірі жобаның бірі – Қызылорда қаласындағы Тоқтыбаев көшесінен Сырдария өзені арқылы өтетін жаңа автомобиль көпірі. Жаңа көпір қаланың көлік инфрақұрылымын дамытуға, жол қозғалысын реттеуге және шаһардың екі бөлігін байланыстыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта жоба-сметалық құжаттаманы «Тека Проект» ЖШС демеушілік қаражат есебінен әзірлеп, мемлекеттік сараптамаға жіберді. Оң қорытындыны алдағы қыркүйек айында алу көзделіп отыр.

Тағы бір жоба – Президент саябағы аумағында салынып жатқан жаңа драма театрдың құрылысы.

Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысында Қызылорда қаласында жаңа драма театр салуды тапсырды. Осы жылдың сәуір айында театрдың іргетасы қаланды.

Жаңа ғимарттың жалпы аумағы 4 мың шаршы метрден асады, 520 көрерменге арналған. Мұнда репетициялық залдар, студиялар, шығармашылық кеңістіктер мен әкімшілік кабинеттер қарастырылған. Сонымен қатар, театр заманауи сахналық техникамен, қуатты дыбыс жүйесімен және соңғы үлгідегі жабдықтармен қамтамасыз етіледі. Бұл өз кезегінде түрлі жанрдағы қойылымдарды жоғары кәсіби деңгейде сахналауға мүмкіндік береді.

Жиын қорытындысы бойынша аталған жобалар жан-жақты талқыланып, ұсыныс-пікірлер ортаға салынды.

«СБ» ақпарат

Аудан жаңалықтары

ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУҒА КЕЛДІ

ҚЫЗЫЛОРДА

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде LUPIC бағдарламасы аясында академиялық тәжірибе алмасу мақсатында Кореядан келген студенттермен кездесу өтті.

Кореядан келген студенттер Lee Hanjoo, Hwang Seohyeon, Kim Minchae және Kim Hongmin жасанды интеллект, IT және дизайн бағыттары бойынша тәжірибе алмасып, Қызылорда өңірінің тыныс-тіршілігімен танысуда.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ НЫСАНДАР

АРАЛ

Аудан әкімі А.Оңғарбаев Сексеуіл кентіндегі бірқатар әлеуметтік және инфрақұрылымдық нысандардың жұмысымен танысты. Кенттегі емхана ғимаратында болып, медициналық нысанның қазіргі жағдайын көрді.

Емханада 70-тен астам қызметкер тұрғындарға тиісті медициналық қызмет көрсетуде. Нысанның материалдық-техникалық жағдайы мен халыққа көрсетілетін медициналық көмектің сапасы назарға алынды.

Мұнан кейін аудан басшысы республикалық маңызы бар «Бейнеу-Сексеуіл» автомобиль жолының құрылыс жұмыстарының барысын көрді. Жалпы ұзындығы 800 шақырымды құрайтын автожолдың құрылысы қарқынды жүргізілуде. Әзірге 46 техника жұмылдырылған.

ӨНЕГЕЛІ ӨМІР – ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫР

ҚАЗАЛЫ

Кенттегі «Руханият орталығында» «Қазақ әйелі – ұлттың тірегі» жобасы аясында Ақсуат ауылдық әйелдер кеңесінің ұйымдастыруымен «Өнегелі өмір – ғибратты ғұмыр» атты тағылымды сыр-сұхбат кеші өтті.

Шара мақсаты – саналы ғұмырын отбасына, қоғамға, ел игілігіне арнаған еңбекқор аналардың өнегелі өмір жолын кейінгі ұрпаққа үлгі ету, ана еңбегін дәріптеу, ұлттық тәрбие мен отбасылық құндылықтардың маңызын насихаттау.

СПОРТ АРДАГЕРЛЕРІ САЙЫСЫ

ҚАРМАҚШЫ

Жосалы кентінде спорт ардагерлері арасында шағын футболдан аудандық ашық біріншілік өтті. Аудандық мәслихат төрағасы Ә.Қошалақов, аудандық спорт бөлімінің басшысы Ғ.Ержанов құттықтау сөз сөйлеп, спорттың қоғам өміріндегі рөліне тоқталып, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Салауатты өмір салтын насихаттап, бұқаралық спортты дамыту мақсатында ұйымдастырылған біріншілікке бірнеше команда қатысты. Нәтижесінде I орынды Қазалы, II орынды Жалағаш, келесі жүлделі орынды Байқоңыр қаласының командасы жеңіп алды.

БАЛАЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ – БАСТЫ НАЗАРДА

ЖАЛАҒАШ

Аудан бойынша аз қамтылған және әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасылардан шыққан 1 957 балаға міндетті оқу қоры есебінен әлеуметтік қолдау аясында мектепке қажетті киім-кешек пен оқу құралдарын сатып алуға қаржылай көмек берілді.

Сондай-ақ «Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясы шеңберінде 365 бала мектеп формасымен, оқу құралдарымен және қаржылай көмекпен қамтылды.

ЖЫЛУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫНДЫҚ

СЫРДАРИЯ

Аудан әкімі Б.Сәрменбаев аудандық мәслихат төрағасы Е.Әжікенов елді мекендердегі әлеуметтік нысандардың алдағы жылу маусымына дайындық барысын көрді.

Тереңөзек кенті, Іңкәрдария, А.Тоқмағанбетов, С.Сейфуллин, Қалжан ахун ауылдарындағы әлеуметтік нысандардың жылу жүйелері мен қазандықтарына, нысандардың жылу маусымына әзірлігі мен техникалық жағдайына назар аударып, сала басшыларына анықталған кемшіліктерді жою және нысандардың жылу маусымына дайын болуын тапсырды.

КЕНТТЕГІ ҚОС КӨПІР

ШИЕЛІ

Аудан әкімі А.Жандарбеков тиісті сала басшыларымен бірге Шиелі кентін аралады.

Алдымен Есабыз көшесінің бойында көпір, сонымен қатар, Есабыз және Ә.Молдағұлова көшелерінің қиылысындағы К-4 каналындағы автомобиль көпірінің құрылыс жұмыстарын көрді. Көпір құрылысының мердігері «УАД» ЖШС болса, ал автомобиль көпірінің құрылысын «Гулнур МК» ЖШС жүргізуде.

ДІН ЖӘНЕ ДӘСТҮР

ЖАҢАҚОРҒАН

Руханият орталығында А.Сопыбеков атындағы аудандық кітапхананың ұйымдастыруымен діни экстремизм мен терроризмнің алдын алуға бағытталған «Дін және дәстүр» атты ақпараттық-танымдық кездесу өтті.

Шараның мақсаты – жастарға діни экстремизм мен терроризмнің қоғамға тигізер зардабын түсіндіру, дәстүрлі діни құндылықтарды дәріптеу, ұлттық салт-дәстүр мен діннің сабақтастығын насихаттау.

Дайындаған
Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

ОҒЫЗ МӘДЕНИЕТІНІҢ ОРНЫ СЫР БОЙЫНДА САҚТАЛҒАН

– Мемлекеттер шежіресінде айшықты із қалдырған оғыздар тарихы – Еуразия кеңістігінің ортағасырлық дәуіріндегі аса маңызды тақырып. Олардың саяси тарихы, мәдениеті, шаруашылығы және этникалық үрдістері мен көрші халықтармен байланысы бүгінгі таңда да көптеген ғылыми зерттеудің өзегіне айналып отыр. Бұл тарихи мұраны нақты археологиялық деректер арқылы танытатын маңызды орталықтардың бірі – Оғыз мемлекетінің астанасы болған Жанкент қаласы. Жанкент – жай ғана археологиялық ескерткіш емес, Сыр бойындағы ортағасыр өркениетінің, оғыз дәуірінің тарихы мен мәдениетінің куәсі. Бүгінгі археологиялық зерттеулер оның тарихын, құрылымын және оғыз дәуіріндегі мәдениетін анықтауға мүмкіндік беруде. Зерттеулер нәтижелерінің маңызды бөлігі Жанкенттің 9-11 ғасырларда оғыз мемлекетінің астана орталықтарының бірі болғанын нақтылай түсетін археологиялық деректердің жиналуы, – деді Н.Байқадамов.

Оның айтуынша, археологиялық зерттеулер бір ғана зерттеу объектісі емес, жалпы оғыздардың саяси және мәдени тарихын анықтауға, Сырдария құрамындағы ортағасырлық қала мәдениетінің дамуын, Ұлы Жібек жолы бойындағы сауда байланыстарын, қала тұрғындарының тұрмысы мен қолөнерін зерделеуге мүмкіндік беретін маңызды мәселелерге негіз болып отыр. Айта кетейік, жыл аясында Қызылорда облысы әкімдігі ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымымен және Қазақстан Республикасының Ұлттық музейімен бірлесіп Стамбұл қаласында «Оғыз феномені: Ұлы Даладан Анадолыға дейін» атты халықаралық көрме мен ғылыми конференция өткен болатын. Осы жиынға Қызылорда облысынан өкіл ретінде облыс әкімінің кеңесшісі, экс сенатор Руслан Рүстемов қатысқан еді.

Жиында сөз алған Руслан Рүстемұлы осынау тарихи маңызды тақырып аясында ұйымдастырылып отырған жиынның әсіресе, Сыр өңірі үшін сипаты ерекше екеніне тоқталды.

– Тарихқа көз жүгіртсек, Қазақ даласы сақтар мен ғұндардан бастап, сан алуан тайпалар мен өркениеттер

тоғысқан қасиетті мекен. Солардың ішінде түркі дүниесінің тарихында айрықша орны бар оғыздардың мұрасы ерекше мәнге ие. IX-X ғасырлардағы араб географтарының еңбектерінде бүгінгі Қазақстанның батысы мен оңтүстігі, Үстірт пен Солтүстік Арал өңірі оғыздардың тарихи мекені ретінде аталады. Ал Сыр бойындағы көне Жанкент қалашығы оғыз мемлекетінің саяси орталығы болған тарихи шаһар.

Жанкенттің тарихы – бір ғана археологиялық ескерткіштің тарихы емес, ол Сыр бойында қалыптасқан қала мәдениетінің, сауда мен қолөнердің, мемлекеттілік пен өркениеттің терең тамыры бар екенін айғақтайтын құнды мұра. Осы тұрғыдан алғанда, 2005 жылдан бері жүргізіліп келе жатқан Жанкент археологиялық экспедициясының 20 жылдық зерттеу жолы айрықша маңызға ие. Аталған уақыт аралығында қалашықтың шамамен 4 мың шаршы метр аумағы зерттеліп, қаланың қорғаныс құрылыстары мен тұрғын үй орындары анықталды. Археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған 570-ке жуық бірегей жәдігер музей қорларына тапсырылды. Бұл жай ғана сан емес, әрбір жәдігер өткен дәуірдің үнсіз куәгері. Оның артында бір адамның өмірі, бір қоғамның тұрмысы, бір дәуірдің мәдениеті тұр, – деді ол.

Айтуынша, Жанкенттен Анадолыға дейінгі тарихи сабақтастықты зерттеу – екі халықтың өткенін ғана емес, болашағын да жақындастыратын маңызды бағыт. Мысалы, 2024-2025 жылдары Астанадағы Ұлттық музейде «Қазақ даласындағы оғыз тарихи мұрасы» және «Оғыз дала мәдениетінің іздері» атты халықаралық көрмесі алғаш рет ұйымдастырылып, тарихи маңызды қадам бастау алған. Ал биыл Қызылорда облысы әкімдігі ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымымен және Қазақстан Республикасының Ұлттық музейімен бірлесіп Стамбұл қаласында өткізген «Оғыз феномені: Ұлы Даладан Анадолыға дейін» атты халықаралық көрме мен ғылыми конференция ортақ тарихымыздың халықаралық деңгейде насихатталуына жол ашқан маңызды мәдени оқиға болды.

– Өзім осы мәдени-тарихи сапарда қазақстандық делегация құрамын Стамбұл қаласына бастап барып, екі елдің зиялы қауымы жиналған жиынның басы-қасында болып, Қазақ-Түрік халықтарының тарихы терең бауырластық байланыстарына тағы бір мәрте куә болып келдім. Мұндай бастамалардың жүзеге асуына қолдау көрсеткен сол кезеңдегі Қызылорда облысының әкімі, бүгінде Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің бірінші орынбасары қызметін атқарып отырған Нұрлыбек Машбекұлы Нәлібаевқа ризашылығымды білдіремін, – деді Руслан Рүстемұлы.

Жиында тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Тұран-Профи академиясының ректоры Манен Омаров, Қазақстанның ұлттық географиялық қоғамының мүшесі, этнограф-картограф, өлкетанушы Гизат Табулдин, Ә.Марғұлан атындағы Археология институтының бас директоры Ақан Оңғарұлы құттықтау сөз сөйледі.

Ғылыми-танымдық іс-шараның бірінші бөлімін қорытындылау сәтінде облыс әкімінің кеңесшісі Руслан Рүстемов, Ә.Марғұлан атындағы Археология институтының бас директоры Ақан Оңғарұлы, Эберхард Карл атындағы Тюбинген университетінің құрметті профессоры, археолог-ғалым Генрих Харке және облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаевтың қатысуымен Жанкенттен табылған археологиялық жәдігерлерді жүйелейтін «Оғыздардың материалдық және рухани мәдениеті» ғылыми-танымдық кітап-каталогінің тұсаукесері өтті.

Жиынның екінші бөлімін Ә.Марғұлан атындағы Археология институтының ортағасырлар бөлімінің меңгерушісі, PhD Әзілхан Тәжікеев жүргізді. Күн тәртібіне сәйкес археологиялық, этнограф, философия докторы Сейдәли Біләлов, Ресей мемлекеті, жоғары экономика мектебінің профессоры Ирина Аржанцева, Өзбекстан мемлекеті, тарих ғылымдарының кандидаты Айсұлу Искандерова, тағы басқа ғалымдар баяндама жасап, тақырыпты тереңірек тарқатты.

Баяндамашылар тарапынан айтылғандай, бүгінде Жанкенттің аумағы толық қоршалып, «JANKENT» стелласы бой көтерген, археологиялық зерттеулермен қатар қалашықта аспанасты музейін қалыптастыру, тарихи нысанды сақтау және қайта қалпына келтіру, ежелгі тұрғын үй үлгілерін қайта жаңғырту жұмыстары жүргізіліп жатыр. Демек бұл жұмыстар болашақта Жанкентті тек ғылыми зерттеу нысаны емес, тарихи-мәдени және туристік орталыққа айналдыруға жасалған маңызды қадам. Оның бір көрінісі, 2009-2020 жылдары облыстық бюджет есебінен оғыз дәуірімен байланысты Сортөбе, Асанас, Жент қалашықтарында да ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілген. Осы орайда жиынға қатысқан ғалымдар бүгінде 20 жыл толып отырған «Жанкент археологиялық экспедициясына» тұрақты қолдау танытып келе жатқан Қызылорда облысы әкімдігіне алғыс білдірді. Дәлірек айтсақ, аталған жоба Қорқыт ата университетінің, Қызылорда облысының жергілікті бюджеті, Қазақстан Республикасының мемлекеттік ғылыми гранттары, сондай-ақ халықаралық Wenner-Gren және DFG гранттарының қолдауымен жүзеге асырылған.

Ғалымдардың пікірінше, археологиялық зерттеу барысында 25 мыңнан аса керамикалық бұйым, сондай-ақ металл, тас, сүйек және шыныдан жасалған жәдігерлер табылған. Экспедицияның соңғы жылдардағы маңызды олжаларының бірі – күміс монеталар көмбесі. Бұл жәдігерлер Жанкенттің ортағасырлық сауда және ақша айналымындағы орнын тереңірек зерттеуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ аталған эспедиция тың ізденіске жол ашып, ғылыми еңбектерге, докторлық диссертация тақырыбына арқау болған.

Жиында баяндама жасаған Ресей мемлекеті, жоғары экономика мектебінің профессоры Ирина Аржанцева Жанкент археологиялық экспедициясы барысында жүргізілген қазба жұмыстарының әрбір кезеңін мазмұнына сәйкес жан-жақты түсіндірді. Сондай-ақ ол экспедиция барысында халықаралық деңгейдегі ғалымдардың қатысуымен нәтижелі жұмыстар атқарылғанын, әлі де жалғаса беретінін атап өтті.

– Жанкент археологиялық экспедициясы аясында Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, Ресей ғылым академиясы, Германияның Тюбинген университеті өкілдерінен халықаралық құрам жасақталды. Осы 20 жыл көлемінде жоба бойынша көптеген жұмыс атқарылды. Соның ең бастысы, Қазақстан мемлекеті, Қорқыт ата университетінен экспедиция құрамында болған Гүлмира Әмірғалина Тюбингендегі Эберхард Карл университетінің философия факультетінде Жанкент қаласының керамикасы тақырыбы бойынша докторлық диссертациясын қорғады. Біз мұны экспедиция барысындағы басты жетістіктің бірі деп бағалаймыз. Сонымен қатар, археологиялық экспедиция арқылы табылған тарихи деректер және құнды жәдігерлер бүгінде білім алушы студенттер мен магистранттардың ізденісіне айқын көрсеткіш болып отыр, – деп пікір білдірді И.Аржанцева.

Жиында сөз алған Эберхард Карл атындағы Тюбинген университетінің құрметті профессоры, археолог-ғалым Генрих Харке «Жанкент археологиялық экспедициясының 20 жылдығына» орай құттықтау лебізін білдіріп, осы халықаралық жоба аясында Қызылорда облысы әкімдігінің қолдауымен, Қорқыт ата атындағы университетінің әріптестігімен атқарылған археологиялық зерттеу жұмыстарының бүгінгі нәтижесін жоғары бағалайтынын жеткізіп, тарихи маңызды жоба жас ғалымдар еңбегімен әрі қарай да жемісті жалғасын табатынына сенім білдірді. Сондай-ақ осы тақырыпқа сәйкес халықаралық басылымдарда жарық көрген ғылыми мақалаларының түпнұсқасын жиын модераторына табыстады.

Ә.Марғұлан атындағы Археология институтының ортағасырлар бөлімінің меңгерушісі, PhD Әзілхан Тәжікеев «Ортағасырлық қалалар тобындағы археологиялық және пәнаралық зерттеулер» тақырыбында баяндама жасап, жаңа зерттеулер нәтижесінде Жанкент тарихына қатысты көп ақпарат табылғанын айтты.

– Жалпы Жанкентке зерттеу басталғанға дейін Қазақстанда оғыз археологиясы деген түсінік болды. Ал зерттеулер барысында қазіргі Жанкент қаласының орны ортағасырлық оғыз мәдениетін айғақтайтын құнды деректердің көзі болып отыр. Алдағы уақытта шыққалы жатқан Қазақстан тарихы болсын, Қазақстан археологиялысының көптомдығы болсын, Жанкент қаласына қатысты зерттеулер оғыз археологиясының үлкен бір тарауы болып енгізіледі, – деді ол.

Бұдан бөлек, жиынға қатысушылар «Жанкент қаласының жәдігерлері» көрмесі мен «Аптаған ыстық күн астында Жанкентте өткен 20 жыл» фотокөрмесін тамашалады. Айта кетейік, аталған іс-шараны Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті және облыстық тарихи-өлкетану музейі ұжымы бірлесіп ұйымдастырды.

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

№124-125 (21199-21200) 22 тамыз, сенбі 2026 жыл

БЕРЕКЕЛІ БЕЛКӨЛ

ӘЛЕУМЕТТІК САЛАДА СЕРПІН БАР

Кенттегі №189 және №145 орта мектепте барлығы 879 оқушы білім алады. Бастауыш сынып оқушылары ыстық тамақпен толық қамтылған. Көптен бері өзекті болып келген №189 мектептің шатыры жаңартылып, акт және спорт залдары жөндеуден өткізілді.

Мемлекеттік балабақшада 160 бүлдіршін тәрбиеленуде. Мекеме 2020 жылы жұмыспен қамту бағдарламасы аясында күрделі жөндеуден өткен.

Белкөлде 2020 жылы мемлекеттік-жекешелік әріптестік аясында пайдалануға берілген дәрігерлік амбулатория жұмыс істейді. Теміржол ауруханасына қарасты нысанда күндізгі стационарға сегіз орын қарастырылған. Кентке қарасты Бірқазан елді мекеніндегі медициналық бекет те тұрғындарға тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде қызмет көрсетеді.

МӘДЕНИЕТ ПЕН СПОРТ – ЖАСТАР ТІРЕГІ

Белкөл кентінің клубында жеті үйірме жұмыс істеп, оған 103 өнерпаз қатысады. Көркемсөз, дәстүрлі ән, хор, вокал, домбыра және әжелер ансамблі өнерлі жастардың талабын ұштап келеді. 2025 жылы белкөлдік өнерпаздар бес халықаралық және жеті республикалық байқауға қатысып, жүлделі орындарға ие болған.

«Әл-Азиз» орталығындағы ән, би, қолөнер, бастауыш білім және математика-логика үйірмелеріне 150-ге жуық бала барады.

Кенттегі спорт кешенінде 300-ге жуық жас футбол, каратэ, бокс, джиу-джитсу, еркін күрес, шахмат және үстел теннисімен шұғылданады. Елді мекенде көпқабатты тұрғын үйлердің аулаларын қоса есептегенде сегіз ойын және спорт алаңы бар.

Жастар арасында Қазақстан чемпионы, каратэ-додан қара белбеу иегері Ернұр Сәпиді және еңбегі сіңген теміржолшы Алмат Айдарбекұлын еске алуға арналған футбол турнирлері дәстүрлі түрде өткізіліп келеді.

– Мұндай жарыстар жастарды спортқа тартып қана қоймай, олардың бірлігін күшейтеді. Сонымен бірге елге еңбегі сіңген азаматтардың есімін ұлықтауға мүмкіндік береді, – дейді кент әкімі.

КӘСІПКЕРЛІККЕ КЕҢ ӨРІС

Белкөлде 308 шағын кәсіпкерлік субъектісі жұмыс істейді. Оның 50-і – жауапкершілігі шектеулі серіктестік, 234-і – дара кәсіпкер, 24-і – шаруа қожалығы. Биылғы алты айда 79 жаңа кәсіпкерлік нысаны тіркеліп, сонша тұрақты жұмыс орны ашылды.

«Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында жалпы құны 36,1 миллион теңге болатын төрт жоба қаржыландырылды. Оның қатарында сүт өнімдерін өндіру, тігін шеберханасын ашу, жылқы шаруашылығы және асылтұқымды уақ мал өсіру жобалары бар.

– Әрбір ашылған кәсіп – жаңа жұмыс орны, бір отбасының тұрақты табысы. Сондықтан кәсіп бастауға ниетті тұрғындарға мемлекеттік бағдарламалардың мүмкіндігін түсіндіріп, құжаттарын рәсімдеуге бағыт-бағдар береміз, – дейді Жасұлан Сәду.

Кенттегі кәсіп иелерінің бірі – ұлттық музыкалық аспаптар жасайтын Ақбүркіт Жауынғаров. Ол домбыра, қылқобыз және жетіген жасап, атадан балаға ұласқан шеберлік дәстүрін жалғастырып келеді. Әкесі Жақсыбек Берлібайұлы да елге белгілі қолөнерші болған.

Ақбүркіттің ағашқа қызығушылығы бала кезінен қалыптасқан. Алғашында ағаштан аңдар мен құстардың бейнесін жасаған ол кейін ұлттық аспап жасаудың қыр-сырын меңгерді. 2024 жылы «Бір ауыл – бір өнім» жобасы аясында қайтарымсыз грант алып, ағаш жонатын, кесетін, бояйтын және ою салатын құралжабдықтар сатып алған.

– Шеберхана ашқаннан кейін мемлекеттің қолдауына ие болдым. Дегенмен жұмыстың 80 пайызы қолмен орындалады. Бірі санға, бірі сапаға жұмыс істейді. Ал жақсы дүние тек сапалы еңбектен туады, – дейді шебер.

Бір домбыраны жасауға шамамен 10-15 күн кетеді. Ағашты таңдау, қалыпқа келтіру, шанағын құрастыру, мойнын өңдеу, ою түсіру және бояу жұмыстарының әрқайсысы жоғары ұқыптылықты талап етеді.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ЖАҢАРЫП ЖАТЫР

Қазіргі уақытта №№1, 11, 12 және 12А көпқабатты тұрғын үйлерге 150 миллион теңгеге ыстық су жүйесі тартылуда. Бас мердігер – «Бақ Береке» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Биыл 15 миллион теңгеге «Тағзым» алаңы жаңадан салынып, абаттандырылды. С.Ыбырайұлы көшесіне 9 миллион теңгеге балалар ойын алаңы орнатылды. Сарыарқа, М.Есмаханов, Т.Абуов және Зеленая көшелеріне 94 миллион теңгеге түнгі жарық бағаналары қойылды.

Орталық көшені жаңғыртуға арналған жобаның жалпы құны 254 миллион теңгені құрайды. Жоба бойынша жол сегіз метрге дейін кеңейтіліп, аяқсу лотоктары салынады, жарық бағаналары жаңартылып, үш аялдама орнатылады. Қазіргі уақытта құрылыс жұмыстары жүргізілуде.

Кенттегі жылу орталығы 2021 жылы 130 миллион теңгеге күрделі жөндеуден өткізіліп, мазуттан сұйытылған газ отынына ауыстырылды. Көпқабатты үйлер мен әлеуметтік нысандар орталықтандырылған жылумен қамтылған. Белкөлге ауызсу жүйесі 2012 жылы «Ақбұлақ» бағдарламасы арқылы толық жүргізілді.

Кент тұрғындарына №16 және №3 бағыттағы қоғамдық көліктер қызмет көрсетеді. Кейінгі жылдары екі бағыт та жаңа, үлкен сыйымдылықтағы автобустармен толықтырылды.

ТҰРҒЫН ТІЛЕГІ ЕСКЕРІЛЕДІ

Кент әкімі тұрғындарды аптасына екі күн жеке мәселелері бойынша қабылдайды. Тұрғындардың өтініштері негізінен коммуналдық шаруашылық, инфрақұрылым, кәсіпкерлік және жер мәселелеріне қатысты.

Қазіргі таңда Белкөл бойынша 1308 азамат жер кезегіне тіркелген. Кенттің даму сызбасына сәйкес жеке тұрғын үй құрылысына 150 гектар аумақ қарастырылып, 500-ге жуық жер учаскесі белгіленген. Инженерлік инфрақұрылым жүргізілгеннен кейін учаскелер кезек тәртібімен табысталмақ.

– Тұрғынмен тікелей кездескен кезде елді мекендегі нақты мәселені тереңірек түсінуге болады. Әрбір өтініштің артында нақты қажеттілік бар. Сондықтан мүмкіндігінше мәселені созбай, тиісті мекемелермен бірге шешуге ұмтыламыз, – дейді Жасұлан Сәду.

Белкөлдің бүгінгі тіршілігінен жаңаруға деген ұмтылыс анық байқалады. Бюджет көлемінің артуы, кәсіпкерлік нысандарының көбеюі, әлеуметтік мекемелердің жаңғыруы және инфрақұрылымдық жобалардың жүзеге асуы кенттің даму бағытын айқындай түседі.

Бұл өзгерістердің негізінде мемлекеттік қолдаумен қатар тұрғындардың еңбегі, кәсіпкерлердің бастамасы және жастардың жігері жатыр. Ұлттық өнерді дәріптеген шеберлер, жарыстарда топ жарған спортшылар мен өнерпаздар Белкөлдің мерейін көтеріп келеді.

Әрине, инженерлік инфрақұрылымды кеңейту, жер кезегін жылжыту, қоғамдық кеңістіктерді одан әрі абаттандыру секілді алда атқарылар жұмыс аз емес. Дегенмен бүгінгі Белкөлдің тынысынан тоқмейілсу емес, алға ұмтылыс аңғарылады. Қаланың іргесіндегі кент осылайша тірлігі түлеп, кәсібі өркендеп, болашағына сеніммен қарайтын берекелі мекенге айналып келеді.

Бағлан АМАНЖОЛ,
«Сыр бойы»

1-бет

БАЛА және ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІ: бақылау әлде тыйым?

Ресми статистика бойынша, 2025 жылы Қазақстандағы 6-15 жастағы балалардың 91,7 пайызы интернет пайдаланған. 2026-2030 жылдарға арналған «Қазақстан балалары» тұжырымдамасында балалардың 46 пайыздан астамы интернетке алғаш рет 5-8 жасында кіретіні, ал жоғары сынып оқушыларының 95 пайыздан астамында әлеуметтік желідегі жеке аккаунты бары көрсетілген.

Оқу-ағарту министрлігі мен ЮНИСЕФ жүргізген «Kazakhstan Kids Online» зерттеуіне сәйкес, 9-10 жастағы балалардың 60 пайызының, 11-12 жастағылардың 66 пайызының әлеуметтік желілерде немесе ойын платформаларында аккаунты бар. Бұл көптеген платформада 13 жасқа дейін тіркелуге рұқсат етілмейтініне қарамастан қалыптасқан жағдай.

Қағаз жүзіндегі шектеу баланы автоматты түрде қорғай алмайды. Туған жылын өзгерту немесе ересек адамның аккаунтын пайдалану қиын емес. Маңыздысы – баланың интернетте не көріп, кіммен сөйлесіп жүргені.

Қызылордалық Нұргүл Есмаханова екі баланың анасы. Үлкен ұлы екінші сыныпқа көшкен, кіші қызы үш жаста. Оның айтуынша, ұлы телефонға ерте әуестеніп, уақыт өте құрылғыны жиі сұрай бастаған.

– Ұлым кішкентай кезінен телефон көрді. Кейде кешке жатып алып бейне қарайтын. «Ұйықта» десек, «иә» дейді, бірақ телефонды қоймайды. Бір кезде оның ұйқысы мен күн тәртібіне әсер ете бастағанын байқадық. Содан кейін телефон қолдану уақытын шектеуге кірістік, – дейді ол.

Кіші қызына қатысты отбасы басқа жолды таңдаған. Оған телефонды бақылаусыз бермей, тек танымдық мультфильмдер мен жасына сай бағдарламаларды көрсетеді.

– Қызымызға телефонды шектеумен береміз және не көретінін өзіміз таңдаймыз. Қазір ол қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде санай алады, көптеген сөзді біледі, үш тілдегі қарапайым сөздерді түсініп келеді. Бірақ бұл телефонды еркін берудің емес, мазмұнын іріктеп, уақытын қадағалаудың нәтижесі деп ойлаймын, – дейді ата-ана.

ҚАУІП ЭКРАН АЛДЫНДА ӨТКІЗІЛГЕН УАҚЫТПЕН ҒАНА ӨЛШЕНБЕЙДІ

Қазақстандық балалардың 15 пайызы интернетте күн сайын қажетсіз немесе жағымсыз контентке тап болады, ал 21 пайызы кибербуллингті бастан өткерген. Бұған бейтаныс адамдардың байланыс орнатуы, жеке суреттермен бопсалау және жасанды интеллект арқылы жасалған дипфейктер сияқты жаңа қауіптер қосылды.

Телефон ұстаған әр баланы «тәуелді» деу дұрыс емес. Мамандар проблемалық қолдануды мінез-құлықтағы өзгерістермен бағалайды. Бала желіге кірмесе ашуланып, ұйқысын, сабағын және шынайы қарым-қатынасты кейінге ысыра бастаса, бұл қауіп белгісі.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының 44 ел мен өңірді қамтыған зерттеуінде 11, 13 және 15 жастағы жасөспірімдердің 11 пайызында әлеуметтік желіні проблемалық пайдалану белгілері анықталған. 2018 жылы бұл көрсеткіш 7 пайыз болған. Қыздар арасындағы үлес 13, ұлдар арасында 9 пайызды құраған.

АҚШ денсаулық сақтау органдары келтірген зерттеулерде әлеуметтік желіде күніне үш сағаттан артық отыратын балалар мен жасөспірімдерде мазасыздық пен депрессиялық белгілер қаупі екі есе жоғары екені көрсетіледі. Алайда әлеуметтік желіні барлық психологиялық қиындықтың жалғыз себебі деуге болмайды. Кейде жалғыздық сезінетін немесе өзін төмен бағалайтын бала желіге көбірек жүгінеді. Яғни себеп пен салдар бір-бірін күшейтуі мүмкін.

Облыстық жастар денсаулығы орталығының психологі Гүлзинат Алтынбаеваның айтуынша, әлеуметтік желіге шамадан тыс әуестену баланың өміріндегі маңызды әрекеттерді біртіндеп ығыстырады.

> – Қазіргі таңда балалардың әлеуметтік желіге тәуелділігі шынымен де өзекті мәселе болып тұр. Көптеген бала бос уақытын телефонмен өткізеді. Соның салдарынан ұйқысы бұзылады, сабаққа деген қызығушылығы төмендейді, ата-анасымен және достарымен қарым-қатынасы азаюы мүмкін. Кейбір балалар әлеуметтік желідегі өмірді шынайы өмірмен салыстырып, өзіне деген сенімсіздік, мазасыздық сияқты қиындықтарға тап болады, – дейді маман.

Бұл жасөспірімдік кезеңде ерекше маңызды. Осы жаста бала өз болмысын қалыптастырып, айналасындағылардың бағасына мән береді. Ал әлеуметтік желі өзгенің өңделген өмірін ұсынады. Оның артында жарнама, монтаж және көрсетілмеген шынайы өмір барын бала аңғара бермейді. Соның салдарынан өзін өзгелермен салыстырып, сенімсіздік пен мазасыздыққа тап болуы ықтимал.

Шексіз таспа, автоматты бейнелер, хабарламалар мен лүпілдер баланың назарын ұзақ ұстап, «тағы бір бейне көремін» деген ойды бірнеше сағаттық бақылаусыз қарауға айналдыруы мүмкін. Сондықтан әлеуметтік желі ұйқыға, дене белсенділігіне және шынайы қарым-қатынасқа кедергі келтірмеуі керек.

ШЕТЕЛДЕР ҚАНДАЙ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ?

Франция парламенті 2026 жылғы 21 шілдеде 15 жасқа толмаған балалардың әлеуметтік желіні пайдалануын шектеуге бағытталған құжатты қабылдады. Жаңа аккаунттарға тыйымды 2026 жылғы 1 қыркүйектен, бұрын ашылған парақшаларға 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап енгізу жоспарланған. Платформалар қолданушылардың жасын арнайы жүйе арқылы тексеруге міндеттелмек.

Шектеу білім беру, ғылыми ресурстар мен онлайн энциклопедияларға қолданылмайды. Франция билігі ата-ананың келісіміне негізделген бұрынғы тәсіл нәтиже бермеді деген қорытындыға келген.

Ұлыбритания да 16 жасқа толмаған балаларға әлеуметтік желіні пайдалануға тыйым салуды жоспарлап отыр. Ережелерді 2026 жылдың соңына дейін қабылдап, 2027 жылдың көктемінен енгізу көзделген. Шектеу Instagram, TikTok, Snapchat, YouTube, Facebook және X платформаларын қамтуы мүмкін, ал WhatsApp пен Signal секілді мессенджерлерге қолданылмайды.

Ұлыбритания шексіз таспа, автоматты ойнату, тікелей эфир және бейтаныс адамдардан хабарлама алу функцияларын да реттемек. Демек, қауіп тек аккаунтта емес, платформалардың назарды ұзақ ұстауға бейімделген құрылымында.

ТЫЙЫМ МӘСЕЛЕНІ ТОЛЫҚ ШЕШЕ МЕ?

Гүлзинат Алтынбаева шетелдік бастамалардың пайдалы жағын жоққа шығармайды. Алайда заңды жалғыз шешім ретінде қарастырудан сақтандырады.

– Франциядағыдай 15 жасқа дейін әлеуметтік желіні шектеу бастамасының жақсы жағы бар деп ойлаймын. Себебі бұл жаста баланың психикасы әлі қалыптасып жатады. Бірақ тек тыйым салумен мәселе шешілмейді. Балаға бір нәрсені толық тыйым салсақ, оған деген қызығушылығы одан сайын артуы мүмкін, – дейді психолог.

Техникалық шектеулерді айналып өтуге болады: бала жасын өзгертіп немесе басқа аккаунтты пайдалануы ықтимал. Ал жасты құжат не бет әлпеті арқылы тексеру жеке деректердің қауіпсіздігі туралы сұрақ туғызады.

Ғалымдар әлеуметтік желінің зиянды контент, алгоритм және кибербуллинг секілді қауіптерін мойындайды. Бірақ оның жасөспірімге қолдау табуға, шығармашылықпен айналысуға және қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік беретін пайдалы жағы да бар. Сондықтан мамандар жаппай тыйымнан гөрі теңгерімді шараларды қолдайды.

Психологтің пікірінше, ең тиімді қорғаныс – ата-ана мен бала арасындағы сенімді қарым-қатынас.

– Ең бастысы – ата-ананың бақылауы мен тәрбиесі. Ата-ана баламен ашық сөйлесіп, телефон қолдану уақытын реттеп, бос уақытын спортқа, кітап оқуға немесе басқа пайдалы үйірмелерге бағыттай білсе, бұл әлдеқайда тиімді болады. Мектепте де балаларға әлеуметтік желіні дұрыс пайдалану мәдениетін үйреткен жөн, – дейді Гүлзинат Алтынбаева.

Бақылау баланың әр қадамын аңду деген сөз емес. Үйде ортақ цифрлық тәртіп болғаны дұрыс: тамақ үстінде телефон қолданбау, түнде құрылғыны жатын бөлмеден тыс қалдыру, сабақ пен демалыс уақытын ажырату. Бұл талап ересектерге де ортақ болуы тиіс.

Мектептің міндеті де телефон жинап алумен шектелмеуі керек. Оқушы алгоритмнің неге бір бейнені қайта-қайта көрсететінін, жасырын жарнама мен жалған ақпаратты қалай анықтау керектігін, желіде қалдырған жазбаның цифрлық ізге айналатынын білуі қажет.

ҚАЗАҚСТАН ҚАНДАЙ ЖОЛДЫ ТАҢДАУЫ КЕРЕК?

Қазақстан үшін өзге мемлекеттің заңын сол күйінде көшіру жеткіліксіз. Елдегі тілдік орта, ауыл мен қала арасындағы мүмкіндік айырмашылығы, ата-аналардың цифрлық сауаты және балалардың интернетке ерте қосылуы ескерілуі тиіс.

«Қазақстан балалары» тұжырымдамасында балалар мен ата-аналардың цифрлық сауатын арттыру, онлайн зорлықтан қорғау, алгоритмдік ойлау, ақпаратты тексеру, цифрлық этика және жасанды интеллектіні жауапкершілікпен пайдалану дағдыларын мектепте оқыту көзделген.

Платформалардың жауапкершілігін де күшейту қажет. Балалардың аккаунттары әуелден жабық болып, бейтаныс адамдардың хабарламалары шектелуі керек. Қауіпті челлендждер, құмар ойындар мен зорлықты насихаттайтын материалдарға тосқауыл қойып, қазақ және орыс тіліндегі модерацияны жетілдіру маңызды.

Жас шектеуі ата-аналық тәрбие, мектептегі білім, психологиялық көмек және платформалардың міндетімен толықтырылмаса, формалды талап болып қалуы мүмкін.

Баланың телефонын тартып алу оңай. Ал оның неге экранға тығылатынын түсіну әлдеқайда қиын. Кейде бала әлеуметтік желіге еріккеннен емес, шынайы өмірде тыңдайтын адам таппағандықтан кетеді. Ол танымал болуды емес, қабылдануды қалауы мүмкін. Сондықтан шешім «телефонды бер» деген бұйрықтан емес, «Сені не мазалап жүр?» деген сұрақтан басталады.

– Бұл мәселені тек заңмен немесе тыйыммен емес, ата-ана, мектеп және қоғам болып бірге шешкенде ғана жақсы нәтиже болады. Баланы технологиядан толық алыстату мүмкін емес. Сондықтан оны қауіпсіз әрі саналы пайдалануға үйрету маңызды, – дейді психолог.

Әлеуметтік желі баланың өмірінен жоғалып кетпейді. Бірақ оның баланың ұйқысын, уақытын, өзін бағалауын және шынайы қарым-қатынасын басқаруына жол бермеуге болады. Бұл үшін тыйымнан бұрын түсіністік, бақылаудан бұрын сенім, ал отбасының әрекетімен қатар мемлекет пен технологиялық компаниялардың жауапкершілігі қажет.

Бағлан АМАНЖОЛ,
«Сыр бойы»

1-бет

МЕРЕЙ

Иә, ықылым заманнан ата-бабаларымыз, «Аттың жақсысын – қазанат, жігіттің жақсысын – азамат» деген. Құт қонған киелі Сыр бойында азамат деген мәртебелі де құрметті атаққа лайық тұлғалар жетерлік. Сондай ағаларымыздың бірі – кешегі кеңестік дәуірдегі қызыл директорлардың алдыңғы легінде болған, Қызылорда облысындағы Жалағаш, Сырдария аудандарының Құрметті азаматы Мәншәріпұлы Батырбек ағамызбен сұхбатымыз біздің ауыл туралы әңгімеден басталды.

Сырдың сырбаз азаматы

– Менің сіздің ауылмен алғашқы таныстығым сонау 1976 жылы аудан орталығындағы №150 кәсіптік-техникалық училищеде комсомол комитетінің хатшысы болып жүрген кезімде аудандық комсомол комитетінің пленумына мәселе дайындау жөніндегі іссапардан басталды, – дейді Батырбек ағамыз. – Сол сапарымда комсомол комитетінің хатшысымен бірге ауылдың жағдайымен танысып болғасын, мектепті, мәдениет үйін және ауылдың көрікті көшелерін көріп, қала сияқты елді мекенге таңғалып едім. Кейін аудандық ауыл шаруашылығы басқармасында жұмыс істеп, қызметке араластым. Сақтаған Жанасбаев ағамыз Аққыр совхозында директор. 1986 жылдың жазында қуаңшылық болып, Қызылқұмға шөп шықпай қалды. Мал түгел Қарақұмға көшірілді. Көшкен малдың, елдің жағдайын білу керек болды да, Қарақұмға басқарма бастығының орынбасары мен шықтым...

Иә, расында сол жылдың жазы біздің ауылдың малшыларына қиын болып еді. Мал отарларын тасжолды бойлай айдап, Қармақшыдан әрі қарай Қырға шығамыз. Жосалы станцасынан шыққаннан кейін қырық-елу шақырымға дейін мал су ішетін құдық жоқ. Күн ыстық, малдың сусыз сонша жерге жетуі қиын. Мен бұл кезде ауылда шопырмын. Қасымда өзім қатарлы жігіттер бар, төрт мәшинемен жүріп су тасып, ауылдан шыққан отарды Жосалыдан күтіп алып, Жосалыдан су алып, әрі қарай алғашқы құдыққа дейін шығарып салып, далада қона-жатып жүріп едік-ау. Батекеңмен біздің алғашқы таныстығымыз да осы кезде басталған. Сол жылдары Аққыр совхозына директор боламын деп Батекең де ойламаған. Бірақ өмір ғой, несібе қай жерден бұйырса, адам-пенде сонда жүреді. Біздің ауылдың дәм-тұзы бұйырып, Батырбек ағамыз 1989 жылдың күзінде Аққыр совхозына директор болып барды.

Бұл тәуелсіздіктің қарсаңы, СССР деген алып мемлекеттің шаңырағы шайқалып тұрған мезгіл еді. Мамандармен танысқаннан кейін Қызылқұмда күзем алу науқанын көруге шығып кетті. 16 қыркүйек күні малшыларды аралап жағдайын біліп, танысып, «Қырқарақтағы» қызу еңбекке көңілі тояттағандай болды. Қырқымшы күніне бір жарым-екі отарды шығарып тұр екен. Ферманы аралап, қайтып келе жатыр. Жаңадарияның бойы болмаса, әрі қарай бұтасы аз, құлазыған мидай жазық дала. Қызылдың тақырлары көз сүріндірер сағым. Басына неше алуан ойлар келеді. «Ойпырым-ай, мынадай шаруашылықты басқару, істі жүргізу оңай емес-ау. Халықтың сенімінен шыға алсам болар еді» деген ой мазалайды...

Аупарткомнан жиналыстан шыққан соң Ақсу ауылына, әкесіне келіп ақылдасты.

–Көке, осындай жағдай, кейбір қыстақта шөп те жиналмаған, – деді шаруашылықтың жалпы жағдайына шолу жасап.

Мәншәріп ақсақал сабырлы қалпы баласының бетіне қарап:

– Қызылды қар басып қалмаса ештеңе болмайды, қорықпа балам! Қызыл сол ауылдың азғантай қойын бір-екі қыс асырайды, – деп көңілін орнықтырып, батасын берді.

Ақсақалдың ақ батасымен Аққырға барып, ол жақтағы елдің ыстық ықыласы мен адамға деген бауырмал, ақ көңілдерінің, ортақ іске деген ауызбірлігінің, камқорлығының арқасында жеті жылдан аса абыройлы еңбек етті. Батырбек ағамыз үшін Аққырдың әрбір төбе, қыраттары, бұталары қымбат. Сол алғашқы барған жылдары қыс та малға жайлы болды, жем-шөп жеткіліксіз болса да қыстан жақсы шықты.

Ауылдағы ел ағаларымен, ардагерлермен, жалпы жұртпен араласты. Елдегі азаматтардың сондай ауызбірлігі жарасқан, дархан даласына сай әрбір адамының жаны таза, жүрегі кең, елге деген сүйіспеншілігі, ортақ іске деген кісілігі мықты екенін көрді. Аққыр совхозы негізі мал шаруашылығымен айналысатын шаруашылық болғанымен, егілетін егіс көлемін арттырып, ауыл халқын сол егіннің өнімімен қамтамасыз ету жолдарын да қарастырды. Ауылға су алып келетін 26 шақырымдық «Аққыр каналы» шаруашылық теңгерімінде болғандықтан оны тазартуға мүмкіндік болмай, көп жыл қамыс басып, ауылға су келмей қалған екен. Осы каналды сол кездегі аудан басшысы Сәмит Далдабаев арқылы облыстық су шаруашылығы мекемесінің бастығы Әбдіманап Құтжановқа шығып, сол кісінің көмегімен бір жыл жүріп құжаттарын дайындап, су шаруашылығы мекемесінің теңгеріміне өткізді. Содан бастап аталған каналдың жағдайы жақсарып, ауылға аяқсу келе бастады. Каналдың 12 шақырымы аудандық су шаруашылығының бастығы Иса Жидебаев пен ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы Мәншәріпов Жақсыбектің көмегімен түзетіліп, аршылды.

Каналды аршу, тазалау жұмыстарының басында сушы-мұраб Әскербек Төрәлиев жүрді. Бас агроном Мәскеудегі Тимирязев атындағы ауыл шаруашылығы академиясын бітірген аудандағы алғашқы мамандардың бірі, ғалым-агроном, білімді, білікті де іскер басшы Райхан Адисқызының басшылығымен жоңышқа көлемі 130 гектарға, жүгері 250 гектарға, бидай 70 гектарға жеткізіліп, қырманға қызыл түсті. 15 гектар қант қызылшасы егіліп, одан жоғары өнім алынды. Жеке адамдарға 20 тонна Қарағандының қара картоп тұқымын әкеліп таратып, ауылдың алдыңғы қатарлы еккендері 300-400 қапқа дейін картоп алатын жағдайға жетіп, егіншілік дами бастады. Ауыл сыртында бес гектар жерге жеміс бағы егілді.

Батырбек ағамыздың Қызылқұмдағы қарбалас күндер есінен кетпейді. Аққырға барғаннан кейінгі ең бірінші жұмысы тұрғын үйлердің шатырларын ауыстырудан басталды. Елағасы Бердібек ағаймен бірге Шымкентке барып, ол жақта осы елдің түлегі Шахарбек Оспанов ағасымен танысты. Сол кісілердің көмегімен сол жақтан арзан бағаға шифер алып қайтты. Сөйтіп ауылдағы тұрғын үйлердің 40 пайызының шатыры жаңаланды.

Батекең директор болып келгенде ауылда кооперативтік шаруашылықта жиырма үш заңды тұлға, соншалықты мөр бар екен. «Бөлінгенді бөрі жейді» дегендей қырық бөлек шаруашылықта береке бола ма, сол шаруашылықтарды жетіге топтастырды. Бұл екі жылда нәтижесін берді. Сол кезде мемлекет тарапынан етке – 250, қарақөлге – 90, жүнге – 100 пайыз дотация берілетін. Соны пайдаланып, көзін тауып 3000 бас кәрі қойды етке өткізіп, орнына Атырау облысынан 5 000 бас асыл тұқымды тұсақтар алды. Бір жылы қой төлдету нәтижелі болды, Аққыр тарихында 12,5 мың тірі қозы өсірді. Шопандар келісімшарт арқылы саулықтан 100-150-ге дейін қосымша ақыға қозы алды. 1000 басқа жақын қозы қосымша ақыға беріліп, елдің еңсесі көтерілді.

Бірақ бір шаруаны бітірсең, алдыңнан екінші бір мәселенің шығып тұратыны белгілі. Сол жылдары «Дальний» (Қиян су құбыры) деп аталатын «Бекей-Байқоңыр» алып су құбыры желісінің құрылысы аяқталып, жұмыс істеп жатты. Ауданның 40 гектар жері, Аққыр совхозының аумағынан Ресейге жалға беріліп, сол аймақтан 16 скважина қазылып, олардың суы бір жерге жинақталды. Жинақталған суды алып насоспен 250 шақырым жердегі Байқоңырға радиусы 1,5 метрлік екі трубамен айдағанда Қызылқұмдағы мал жайылымдарындағы скважиналар тоқтай бастады. Бұлақтар тоқтап қалса, малды ауылдың тіршілігі не болады? Міне, осы насостардың жұмысын тоқтату күн тәртібінде тұрды.

Бұл мәселені шешу үшін алдымен халыққа жариялап жарыққа шығару керек болды. Осы мақсатпен Алматыдан арнайы тележурналист Нұртілеу Иманғали іссапармен келді. Ол мәселенің мәнісін түбегейлі зерттеп, осы сапардан арнайы репортаж жасап, «Қағажу калған ауылдар» деген тақырыппен Қазақстанның бірнеше телеарналарынан көрсетті. Осы мәселе бойынша сол кездегі облыс басшысы Сейілбек Шауханов командасымен ауылға келіп, космодром басшысы генерал-лейтенант Крышко, оның орынбасары Дорошек, СССР қорғаныс министрінің орынбасары Сахаров келіп халықпен кездесу өткізді. Батекең елдің егесі ретінде хабарлама жасады.

Жиналыстан кейін сол уақыттағы аудандық атқару комитетінің төрағасы Әмірбек Әбекенов екеуі Алматыға барып, Қазақстан телеарнасынан «Қиян су құбыры» мәселесі бойынша сұхбат берді. Осындай шаралардан кейін бұл алып құрылыс тоқтауға бет алды. «Бекейдегі» әскери бөлім келісім-шарт бойынша он жеті скважина қазып беретін болды. Сол скважиналардың бесалтауын Қызылдың құмдарын игеру үшін Қызылқұмның терең ішінен қаздырды. Осындай мүмкіндікті пайдаланып Аққыр елді мекенінен (резервке) үшеуін қаздырды. Осы жұмыстардың барлығы ауылдағы халықтың ауызбірлігі мен ерік-жігерінің арқасында жүзеге асты. Аққырлықтар Батекеңнің әрбір ісін қолдап, қуаттап отырды.

Батекең басшылық жасаған тұста ауылда жылына бір миллион кірпіш шығаратын кірпіш зауытын ашып, әскери бөлімге қымбатқа сатып, тұрғын үй салынды. «Қиян» су құбыры тоқтағасын «Бекейдегі» әскери бөлімінің ғимараттарын сатып алды. «Бекейдегі» әскери ғимараттар мен жабдықтарды алып пайдалануда да біраз қиындықтар болды. Әскери бөлімінің бастығы Ленин совхозының (Қазіргі Тұрмағамбет ауылы) директоры Қалдашбаевпен келісім-шарт жасап, ғимараттар мен жабдықтарды сол совхозға беретін болып қойған екен. Батекең қасына прораб Нағашыбай Бақтыбаевты алып, Байқоңырға келді. Бір амалын жасап, нысандарды ауылға алып қалу керек еді. Бұл жерде де Батекеңнің алымдылығы мен шалымдылығының көмегі тиді, кез келген адаммен тіл табысатын Батекең сол кездегі космодром командирі Крышконың полковник Буран деген көмекшісіне кіріп, сөйлесіп, дегеніне көндірді. «Жарайды, Батырбек, арнайы келген екенсің» деді де, Ленин совхозымен отырған келісім-шартты бұзып, бұлармен келісім-шартқа отырды. Сол жақта тұрып әкімнің бірінші орынбасары Садық Әлиевке телефон соқты. Ол кісі телеграфтық нұсқамен екі миллион сом сабан ақша аударды. Сөйтіп «Бекейдегі» бірталай нысандарды совхозға алып қалды. Сол нысандар шаруашылықтың біраз кәдесіне жарады. Кейін ақша теңгеге ауысқанда тиын болып қалды. Екі ангарды 350 тонна қара күрішке айырбастап, бір жарым жыл жанар-жағармай, ұн, жем алып, шаруашылық бір көтеріліп қалды. Біреуін Ақсуға, біреуін Жаңаталапқа сатты. Ауылда жиырмаға жуық тұрғын үй салынды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында осындай жұмыстар болып еді.

Қой шаруашылығы деген жалпы қысы-жазы жыл он екі ай науқанды тірлік. Мұнда жайбарақаттық деген болмайды, оған мүмкіншілік жоқ. Шаруаның басында жүрген азаматтар, шетінен кайнап-піскен ұйымдастырушылар деуге болады. Қай кезде де қой шаруашылығында шопан жетіспейді. Бұл мәселені шешудің де тетігін тапты. Қой бағуға шыққан отбасына 1 бас бұзаулы сиыр, 10 бас қой тағы басқа әлеуметтік көмектер берілетін болды. Сондай-ақ ынталандыру сыйлығы басына бас төл алса 10 қозы шопанға берілетін болып келісім-шарт жасалды. Осының нәтижесінде көрші Өзбекстаннан 10 отбасы, ауылдан 10 отбасы мал бағуға шықты. Мал азығын дайындау мәселесі де жан-жақты ынталандыруға сәйкес шешімін тауып жатты. Сол жылдары 10 мың тоннаға дейін шөп, 1 мың тоннаға дейін жоңышқа дайындалды.

Иә, Батекеңнің Аққырдағы қызметі бір төбе болса, басқа қызметі бір төбе. Себебі өзі айтқандай, біздің ауылға жігіт болып барып, елге есейіп, ел ағасы болып оралды. Аққырдың бір баласы болды. Біздің ауылдан кейін Еңбек ауылына басшылық қызметке барды. 1999 жылы желтоқсан айында Жалағаш ауданы әкімдігіне қызметке келді. Содан 2003 жылдың қыркүйек айына дейін аудан басшысының ауыл шаруашылығы жөніндегі орынбасары ретінде бір жыл, қалған уақытта әкімнің бірінші орынбасары болып, бюджет, ауыл шаруашылығы, елді мекендермен жұмыс, экология, жер ресурстары, төтенше жағдай, тағы басқа салалармен жұмыс істеді. Қайта құру, қалыптасу кезеңі болғандықтан, бұл жылдары да аудан басшылығымен бірге көптеген қиыншылықтармен бетпе-бет келді.

Сол кезде аудан экономикасының негізгі саласы болып табылатын күріш өнімінің 1 келісінің бағасы 10-15 теңгеге түсті, «Күріш егу қажет пе?» деген сұрақ туындады. Себебі, ол өзін-өзі ақтамайтын, рентабельділігі төмен салаға айналған болатын. Оған мысал ретінде 1999 жылы аудан бойынша егіс көлемі 26216 гектар, оның ішінде күріш дақылы 14105 гектар ғана болды. Дегенмен, «Шешінген судан тайынбас» деген, әрбір азамат атқарған жұмыстан нәтиже шығарсақ деп келгендіктен, қол қусырып отыруға болмайтын еді. Бар күшті ауыл шаруашылығын қолдан келгенше дамытуға салды. Сол жылдары аудан бюджеті небары 185 млн теңгені құрады. Күріш дақылына қажетті тұқым мен минералды тыңайтқыш, жанар-жағар майдың тапшылығы да көп қолбайлау болды. Елді мекендердің әлеуметтік жағдайы да қиын. Аудан әкімі Нұрлыбектің де, Батекеңнің де ауыл шаруашылығы саласының мамандары ретінде шаруашылықтардың жағдайын жете түсіне білуі, қажет болған жағдайда тиісті шешім қабылдай алу тәжірибелерін қолдан келгенше пайдаланды.

Батекеңнің кейінгі қызметі де елдің көз алдында. Бір жылдай «Сәрке батыр» ЖШС-ның төрағасы қызметін абыроймен атқарып, ел халқының ауызбірлігі, еңбекқорлығы арқасында туған ауылының тарихында бірінші рет алты мың тонна астық жинады. Бірақ бұл шаруашылық біреудің жекеменшігінде болатын. Сондықтан бұл жұмысты егелеріне өткізіп, жеке кәсіпкерлікке кетті. Жер алып, «Ай Тоғжан» ЖШС-ін құрды. Қызметтес, тілектес болған азаматтардың ақыл-кеңесінің, қамқорлықтарының нәтижесінде 2005 жылдың 24 желтоқсанында Сырдария ауданы аумақтық басқармасының төрағасы қызметіне келді. Облысқа белгілі Ибрагим Әбибуллаев, Бақыт Нұртазаев, Қожахмет Баймаханов, Әріп Қожбанов сияқты азаматтардың ықыласымен әуелі Сырдария аумақтық басқармасының бастығы, кейін Сырдария ауданы әкімінің орынбасары, Сырдария аудандық мәслихатының төрағасы қызметін абыроймен атқарды.

Біреу білер, біреу білмес, Тереңөзек кентінің жаңа қоныстану аймағының құрылыс алаңына айналып, сәулетті тұрғын үйлердің көптеп салынуында Батекеңнің өзіндік үлесі бар. Бұрын бұл маң орман шаруашылығының меншігіндегі жер ретінде бос жатқан болатын. Болашақты, кенттің жаңа тынысын ашуды көздеген, халықтың жер алып, баспаналы болуын ойлаған Батекең аудан әкімінің қолдауымен Елорда төріндегі министрліктерге дейін барып, жалпы көлемі 488 гектар жердің Тереңөзек кентінің теңгеріміне алынуына қол жеткізді.

Батекеңе Іңкәрдария ауылы тұрғындарының да пейілі ерекше. «Ақтам» каналының тазалануына тікелей үлес қосқан азаматтың еңбегін ауыл ардагерлері әлі күнге айтып отырады. Іңкәрдариядан бөлек қағажу қалған Айдарлы ауылына да, тәуелсіздік жылдарында бірде-бір құрылыс нысаны салынбаған С.Сейфуллин ауылына да көп қолдау көрсетті. Аудандық бюджет есебінен С.Сейфуллинде тұңғыш рет балабақша салынды. Сол кездегі аудан әкімі Ғанибек Қазантаевпен бірге мәслихат хатшысы ретінде аудан орталығынан бастап барлық елді мекендердің дамуына зор еңбек сіңірді.

Айта берсе мұндай мысалдар көп-ақ. Атадан қалған асыл қасиеттер қай жерде де демеуші-жебеуші болды, жүрген жерінде ешкімге қиянат жасамады, өтірік айтпады, таза жүрді, адал қызмет істеді.

Ауылы аралас, қойы қоралас жатқан екі ауылға ортақ азамат қайда жүрсе де елім деп еңбек етті. Соның өтеуі болар, бүгінде абыройсыз емес. Екі елдің халқының қолдауымен қос бірдей ауданның «Құрметті азаматы» атануы да ағамыздың осы тазалығының, адалдығының арқасы болар, сірә! Қазақта тектілік деген ұғым бар, тектілік атаның қанымен, ананың ақ сүтімен беріледі. Батекеңнің де бойында ата-бабаларынан дарыған мәрттік, жомарттық, серілік сияқты қасиеттер мен мұндалап тұрады. Қайда жүрсе де, қандай қызмет істесе де ата-бабаларынан мирас болған осы мәрттікпен, адалдық жолымен жүріп келеді. Батырбек ағамыз жар таңдауда да қателеспеген. Дастарқаны жиылмайтын, қонағы тыйылмайтын Батекеңнің құтты шаңырағының отын үрлеп келе жатқан саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнаған Сафура апамыз да Құдай бер салған жан. «Азаматы аттан түспеген, қазаны оттан түспеген» деген сөз осы Батекең мен Сафура апамызға арнап айтылғандай.

Көрші Сырдария ауданына барып қызмет еткенде де өзін сол елдің бір баласындай сезінді. Халқының ауызбірлігі, еңбексүйгіштігі, үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсету сияқты ізгі қасиеттерінің алдында әрдайым ризашылығын білдіріп келеді. Туған жердің ыстық ықыласы бөлек дегеннің өзінде, Сырдария ауданы халқының қамқорлығын, өзіне деген ықыласын көргенде екі ауданның төл перзенті, құрметтісі Батырбек ағамыздың көкірегін қуаныш кернейді. Балаларды құтты жеріне қондырып, немерелердің қызығын көріп, жетпіс бес жасты толтырып жатқан Батекең мен Сафура апайға тойларыңыз таусылмасын, Құдай қуат берсін дейміз.

Тұрақ АДИСҰЛЫ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

ШАҒЫН КЕМЕЛЕРДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК БАСТЫ НАЗАРДА

1 шілдеден бастап елімізде шағын көлемді кемелерді мемлекеттік бақылау және қадағалау функциясы көліктік бақылау инспекциясынан Төтенше жағдайлар министрлігіне берілді.

Қызылорда облыстық төтенше жағдайлар департаменті осы бағытта тұрақты түрде рейдтік іс-шаралар мен патрульдеу жұмыстарын жүргізуде. Сонымен қатар халық арасында бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілер арқылы қауіпсіздік талаптарын түсіндіріп келеді. Департамент 1 шілдеден бері кемелерде заң талабын бұзған 6 адамға айыппұл салды.

– Заңбұзушылықтардың түгел дерлігі Шиелі ауданының Бәйгеқұм ауылында орналасқан Ханқожа көлінде болған. Оның ішінде қауіпсіздік киімін кимеу, шағын кемеге шамадан тыс көп адам мінгізу сияқты жағдайлар жиі кездесті. Шағын кемелерді пайдалану барысында жарақат алу, қаза болу жағдайлары тіркелген жоқ. Біздің негізгі мақсатымыз – әкімшілік жауапкершілікке тарту емес, азаматтар мен кәсіпкерлердің құқықбұзушылық жасауына жол бермеу және адам өмірін сақтау, – деді департаменттің басқарма бастығы Асхат Оразбеков.

Департамент өкілі заң талаптары сақталмаған жағдайда әкімшілік шаралар қолданылатынын еске салды.

– Осыған байланысты кеме иелері мен кәсіпкерлерден кемені заңнамаға сәйкес мемлекеттік тіркеуден өткізуді, техникалық куәландырудан уақытылы өтуді, кемеге белгіленген көлемнен артық жүк артпауды және жолаушылар санын шамадан тыс асырмауды, техникалық ақауы бар кемені пайдаланбауды сұраймыз. Сондай-ақ су көлігін басқару құқығын растайтын құжат, құтқару құралдары болуы, әрбір жолаушы құтқару кеудешесін киюі, алкоголь немесе есірткі тұтынған масаң күйде кемені басқармау, қолайсыз ауа райында суға шықпау керек, – деді ол.

Мамандар су айдындарындағы қайғылы оқиғалардың басым бөлігі қауіпсіздік талаптарын сақтамау салдарынан екенін айтып отыр. Суға шомылу маусымы басталғалы облыста 20 адам суға кетіп көз жұмған. Өткен жылдың осы кезеңінде тілсіз жау 26 адамның өмірін жалмаған еді.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

КӘСІПКЕРГЕ КЕҢЕС – ӨЗ АУДАНЫНДА

Аудандарда кәсіп жүргізіп жүрген азаматтар мемлекеттік қолдау тетіктері жөнінде кеңес алу үшін облыс орталығына арнайы келмей-ақ, қажетті ақпаратты өз ауданында ала алады. «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының мобильді фронт-офисі бекітілген кесте бойынша аудан орталықтарына барып, жергілікті кәсіпкерлерге кеңес беріп келеді.

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының ақпараты бойынша, мобильді фронт-офистер жобасы Мемлекет басшысының шағын және орта бизнесті қолдау шараларымен қамту жөніндегі тапсырмасы аясында Үкіметтің қолдауымен жүзеге асырылуда. Бастама биыл наурыз айында жарияланып, шілде айынан бастап Қызылорда облысында нақты жұмысын бастады.

Жобаның басты мақсаты – аудан кәсіпкерлерінің мемлекеттік қолдау бағдарламаларына қол жеткізуін жеңілдету. Бұған дейін кеңес алу немесе қаржыландыру тетіктері жөнінде толық ақпарат білу үшін Қызылорда қаласына келуге тура келсе, енді мамандар аудан орталықтарына өздері барады. Бұл кәсіпкерлердің жолға жұмсайтын уақыты мен шығынын азайтып, қажетті қызметті тұрғылықты ауданына жақын жерден алуына мүмкіндік береді.

Мобильді топ құрамында «Даму» қорының консультанттарымен бірге жергілікті атқарушы органдардың, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының және екінші деңгейлі банктердің өкілдері жұмыс істейді. Мамандар аудан орталығында кәсіпкерлерді қабылдап, бизнесті бастау, жобаны кеңейту, несие рәсімдеу, кепілдік алу және мемлекеттік бағдарламаларға қатысу мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

Кездесу барысында әр кәсіпкер өз жобасына қатысты сұрағын қойып, жеке кеңес ала алады. Сондай-ақ мамандар қолданыстағы бағдарламалардың талаптарын, қажетті құжаттарды әзірлеу тәртібін және өтінім беру кезеңдерін түсіндіреді. Кейбір қолдау бағыттары бойынша өтінімдерді аудан орталығында қабылдау мүмкіндігі де қарастырылған.

Қызылорда облысында мобильді фронт-офистің сапарларымен барлық жеті аудан орталығын қамту жоспарланған. Шілде айында басталған қабылдаулар қыркүйекте қайта жалғасады. Осыған байланысты өңір бойынша жаңа сапар бағыты мен кестесі әзірленеді. Әр ауданға бару мерзімі алдын ала жарияланып, кәсіпкерлер белгіленген күні аудан орталығындағы қабылдауға қатыса алады.

Кәсіпкерлерге несие бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау, кепіл мүлкі жеткіліксіз болған жағдайда кепілдік беру, жеңілдетілген несие мен лизингтік қаржыландыру алу мүмкіндіктері түсіндіріледі. Сонымен қатар жаңа бастаған кәсіпкерлерге арналған микроқаржыландыру, экспорттық жобаларды қолдау, өңдеу өнеркәсібін дамыту, оқыту және жобаларды сүйемелдеу бағыттары бойынша ақпарат беріледі.

Мобильді фронт-офис арқылы кәсіпкерлер «Даму» қорының ғана емес, «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингіне қарасты басқа да ұйымдардың қолдау құралдарымен таныса алады. Олардың қатарында Қазақстанның Даму Банкі, Өнеркәсіпті дамыту қоры, Экспорттық-кредиттік агенттік және Qazaqstan Investment Corporation ұсынатын бағдарламалар бар.

Бұл жұмыс әсіресе аудан кәсіпкерлері үшін тиімді. Өйткені көптеген азамат мемлекеттік бағдарламалардың мүмкіндіктері туралы толық біле бермейді немесе құжаттарды рәсімдеу барысында қиындықтарға кездеседі. Мобильді топ өкілдерімен тікелей жүздесу арқылы кәсіпкер өзіне қажетті қолдау бағытын анықтап, әрі қарай атқаратын қадамдары жөнінде нақты ақпарат алады.

Қызылорда облысының жеті ауданын қамтитын кезекті сапарлар қыркүйек айында өтеді. Аудан орталықтарындағы қабылдау орындары мен уақыты туралы ақпарат «Даму» қорының ресми сайтында және әлеуметтік желілердегі парақшаларында алдын ала жарияланады. Осылайша, аудан кәсіпкерлері облыс орталығына бармай-ақ, мемлекеттік қолдау шаралары жөніндегі кеңес пен қажетті көмекті өз аудан орталығында ала алады.

«СБ ақпарат»

МЕРЕЙ

Табиғат берген талантымен танылып, ән әлемінде өзіндік орнын тапқан әнші Үміт Медеуованың есімі ел ішінде кеңінен танылған. Әсіресе, халық әндерін ерекше сүйіспеншілікпен орындайтын ол көпшіліктің сүйікті әншісіне айналды. Сыр бойының тумасы, сыршыл да салиқалы болмысымен дараланып тұратын өнер өкілі, Мәдениет саласының үздігі Үміт Медеуова биыл 60 жасқа толды.

ХАЛЫҚТЫҢ ҚҰРМЕТІНЕ БӨЛЕНГЕН ӘНШІ

Жасынан өнерге жаны құштар ол Шымкент қаласындағы әл Фараби атындағы педагогикалық институтты «Халық аспаптар бөлімінің жетекшісі» мамандығы бойынша бітірді. Студенттік жылдарында институт жанынан құрылған «Достық» ансамблінің құрамында болып, түрлі байқауларға қатысып, бірнеше шетелдік гастрольдерде өнер көрсетті. Оқуын бітірген соң жолдамамен Қызылорда қаласындағы «Бумажник» мәдениет үйіне үйірме жетекшісі болып орналасты.

Өнер жолына бет бұрған жастардың қабілетін шыңдап, қатарға қосу үшін көп еңбек, әсіресе, талап пен талғам қажет. Осындай жауапты міндетті өз деңгейінде атқарып, тәжірибесін толықтырған жас маман облыстық халық шығармашылығын дамыту орталығына ауысып, бөлім меңгерушісі қызметін атқарды. Осы жылдары ол «Қазына» фольклорлық ансамблінің құрамында әнші-термеші ретінде танылған еді.

Өңірдің мәдениет саласында қырық жылдай еңбек етіп, жас толқынға мол тәжірибесімен үлгі бола білген Үміт Медеуованың Сыр өнерінің дамуында сүбелі үлесі бар. Осы уақыт аралығында өнер жолынан өз биігін бағындырып, халықтың қалтқысыз құрметіне бөленді. Айталық, осыдан он жыл бұрын, яғни, 2006 жылы Н.Бекежанов атындағы облыстық қазақ академиялық драма театрында ең алғашқы есеп беру концертін өткізсе, одан кейін әр жылдары «Ақмешіт аспаны», «Сыр сазы» атты жеке концерттері, «Жылы жүздесу. Бенефис» жобасымен шығармашылық кеші өтті. Сондай-ақ бүгінде облыс өнерпаздарының құрамында республика көлемінде, әлем елдерінде өткен көптеген мәдени шараға қатысып, үздіксіз өнер көрсетіп келеді.

Әншінің өзіне хабарласып, облыстық газет оқырмандары атынан құттықтауымызды жеткізіп, шығармашылығы жайлы сұраған едік.

– Мерейлі жасыма орай Премьер-министрдің бірінші орынбасары Нұрлыбек Нәлібаевтан бастап, әріптестерім, жалпы өнердің айналасында жүрген жандар құттықтау жолдады. Баршасына алғыс білдіремін!

Сонау он тоғыз-жиырма жасымнан бері Сыр өнерімен бірге жасап келемін. Қазір де облыстық филармония әншісімін. Халық әндерімен қатар, қазақ композиторларының, Сыр бойы сазгерлерінің шығармаларын орындап жүрмін. Негізі, дәстүрлі жанр жаныма жақын. Бірақ репертуарымда лирикалық, патриоттық әндер де бар. Уақыт ағымына қарай өнерге деген талғам да өзгеріп отырады. Сондықтан үнемі ізденісте жүремін. Орайы келсе, өнерсүйер қауымға жаңа дүние ұсынуға тырысамын, – дейді әнші.

Ерекше дарынымен елдің жүрегіне жол тапқан әншінің өнердегі жетістіктері де аз емес. Нақтырақ айтсақ, 2004 жылы өткен республикалық К.Әзірбаев атындағы әншілер конкурсының дипломанты атанды. Ал 2008 жылы музыка өнерінің дамуына қосқан қомақты үлесі үшін ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Музыка өнерінің үздігі» атты Құрмет грамотасымен марапатталса, 2011 жылы «Мәдениет қайраткері» атағын иеленді. Осы жылы өңір мәдениеті мен өнерінің өсіп-өркендеуіне қосқан лайықты еңбегіне орай облыс әкімінің стипендиясын жеңіп алды.

2019 жылы ҚР Тәуелсіздігі күніне орай Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың «Құрмет грамотасымен» марапатталса, 2024 жылы облыс әкімінің әдебиет және мәдениет өкілдеріне арналған «Тұран» сыйлығын иеленді. Ал өткен жылы өнердің белді өкілі Үміт Медеуова Президент Жарлығымен, «Құрмет» орденін кеудесіне тақты.

Әлбетте, бұл – әншіге деген халықтың құрметі!

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

САЙЫС

ҚОЛӨНЕР МЕН ТЕХНОЛОГИЯ ТОҒЫСҚАН АЛАҢ

Қызылорда қаласындағы «Анаға тағзым» орталығында «Creative Battle: AI × Ұлттық қолөнер» сайысы өтті. Он саусағынан өнер тамған шеберлер онда дәстүрлі қолөнерді жасанды интеллект мүмкіндігімен ұштастырып жаңа өнім әзірледі. Жоба Сыр өңірінің брендтік ерекшелігін заманауи нарық талаптарына сай жаңғырту, жергілікті кәсіпкерлердің креативті идеяларын қолдау, ұлттық мәдени мұраны дамыту мақсатында ұйымдастырылды.

Сыр елі – ежелден ұлттық өнердің өрісі, қолөнердің қаймағы бұзылмаған қасиетті мекен. Жаһандану заманында көне мұраны сақтап қана қоймай, оны заманауи технологияның тілінде сөйлету – уақыт талабы. «Creative Battle: AI × Ұлттық қолөнер» сайысы өңірдің кәсіпкерлері мен жаңашыл жастары үшін нағыз шығармашылық алаңға айналды. Жобаның акселерациялық кезеңінде командалар клиент портреті мен эмпатия картасын жасауды, брендтің мәні мен құндылығын қалыптастыруды үйренді. Сондай-ақ жасанды интеллект көмегімен логотип, визуал және қаптама дизайнына арналған сұраныс құрастыруды меңгерді.

Дүбірлі доданың іріктеу кезеңінен бастап бәсеке көрігі қызды. Қатысушы командалар қазылар алқасына «Сырдан сый» тақырыбы аясында төл туындыларын Сыр өңірінің мәдени коды, тарихы және ерекшелігімен байланыстыра отырып таныстырды. Нәтижесінде сарапшылар шешімімен 9 команданың 6-ы суырылып алға шығып, финалдық кезеңге жолдама алды.

– Байқаудың форматында ерекшелік бар. Бұған дейін хакатон бөлек, баттл бөлек өтетін. Бұл жолы екі форматты біріктірдік. Хакатон 24 сағатқа созылса, бүгінгі сайыстың шарты бойынша шеберлер 4 сағат ішінде жаңа өнім әзірлеуге күш салды. Біз қолөнершілердің өз өнімін жарнамалап, жеке брендін қалыптастыруға, сатылым деңгейін арттыруға қолдау көрсетеміз. Осы мақсатта тегін сауда алаңдары ұйымдастырылып тұрады. Ынталы қолөнершілер қыркүйек айында Астана қаласында өтетін республикалық жобада тәжірибе алмасып, байқау барысында әзірлеген өнімдерін көбейтуге мүмкіндік алады, – деді «Анаға тағзым» орталығы директорының орынбасары Жанар Сағындықова.

Финалда қатысушылар экономикалық қызмет түрлерінің жіктелуіне сәйкес бірнеше маңызды бағыт бойынша бақ сынасты. Атап айтқанда, дайын тоқыма бұйымдары, ұлттық киім мен заманауи аксессуарлар, былғарыдан, ағаш пен табиғи материалдардан жасалған бұйымдар, керамикалық тұрмыстық және сәндік дүниелер, сондай-ақ көздің жауын алатын зергерлік заттар мен ерекше кәдесыйларды көрсетті.

Сайыстың тағы бір ерекшелігі, шеберлер дайын бұйымдарды қайта өңдеу арқылы мүлдем жаңа, креативті өнім жасап шығарды. Бұл бағыт қатысушылардың қиялы мен шеберлігіне үлкен қозғау салды. Бұл жай ғана қолөнершілердің көрмесі емес, өнер мен технология тоғысқан өндірістік майдан болды. Өйткені сайыс ережесі бойынша әр командада қолөнер шебері, дизайнер және ЖИ маманы бар. Олардың ортақ жұмысын бағалау кезінде қазылар алқасы өнімнің сыртқы келбетіне ғана емес, ерекшелігіне, жасалу техникасына, сапасына, қаптамасы мен көркем безендірілуіне, нарыққа шығарудағы маркетингтік құралдарды тиімді пайдалану деңгейіне баса назар аударды. ЖИ мамандары ұлттық оюөрнектер мен дизайн элементтерін жасанды интеллект көмегімен түрлендіріп, жаңа заман трендіне сай бейімдеді.

– Командалар үлкен еңбек етті. Өзгермелі сөмке, кеудеше, ерекше балаларға арналған ойыншық сияқты өнімдерді назарымызға ұсынды. Ескі кілемге екінші өмір сыйлап, оны заманауи әрі трендтегі сөмкелерге айналдырған команданың жұмысы өзіме ерекше әсер сыйлады, – деді қазылар алқасының төрайымы, Креативті индустрияны дамыту қорының Қызылорда облысы бойынша өкілі Жанна Аманова.

Жоба қорытындысында жеңімпаздарды облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Жанмұрат Сейілов марапаттады. «Сыр өрімі» командасы сайыстың бас жүлдесін иеленіп, 500 мың теңге көлеміндегі қаржылай сыйлықты жеңіп алды. «Тұмар» командасы I орынға лайық деп танылып, 250 мың теңге көлеміндегі қаржылай сыйлыққа қол жеткізді. III орын «Korik-AI» командасына, II орын «Өрнек» тобына бұйырды. «Aydia» және «Creative queens» командалары басқарма басшысының алғыс хатына және естелік сыйлықтарға ие болды.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

Хабарландыру

«Достық жер МК» ЖШС 2026 жылдың 21 қыркүйегі күні сағат 10:00-де Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, III Интернационал ауылы, Астана көшесі №1 мекенжайда орналасқан Орталық кеңсенің акт залында серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысы өткізілетінін хабарлайды.

Күн тәртібінде:

«ҚазАгроҚаржы» АҚ-дағы несие желісіне өзгерту енгізу.

Жиналысқа қатысушылардың жеке басын куәландыратын құжаты болуы тиіс. Өкіл арқылы қатысқан жағдайда тиісті түрде рәсімделген сенімхат ұсынылуы қажет.

«Достық жер МК» ЖШС
(БСН 080240010157)

«Сыр бойы», «Кызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басылымдарға хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. **E-mail: sm-jarnama@yandex.kz**

Дүние дүрмек

Күндегі ерекше жарқыл

Күнде M1.88 класындағы жарқыл тіркелді, бұл тамыз айының басынан бергі ең қуатты жарқыл болды. Бұл туралы Kazinform таратқан ақпаратта айтылды.

Ресей Ғылым академиясы Ғарыштық зерттеулер институтының Күн астрономиясы зертханасының мәліметінше, бұл соңғы тәуліктегі M класындағы екінші жарқыл. Ғалымдар Күн белсенділігінің күрт күшеюін күтпейді. Алдын ала бағалаулар бойынша, белсенді аймақ шарықтау шегіне жетіп келеді. Осыдан кейін жарқылдар санының одан әрі арту ықтималдығы төмендеуі тиіс.

YouTube есептеу тәртібін өзгертеді

YouTube 24 тамыздан бастап видеолардың қаралымын есептеу әдістемесін өзгертеді. Kazinform ақпарат агенттігінің хабарлауынша, енді видео қаралымы ролик ойнатыла бастаған сәттен, яғни алғашқы кадрдан бастап есептеледі. Жаңа стандарт әлемнің барлық елінде видеоның барлық форматына қолданылады.

Бұған дейін платформа әртүрлі форматтағы видеолар үшін қаралымды есептеудің бірнеше жүйесін қолданған. 2025 жылы YouTube қысқа видеоларға арналған есептеу әдістемесін жаңартқан еді. Енді дәл осы стандарт басқа форматтарға да енгізіліп, көрсеткіштерді бірыңғай жүйеге келтіреді.

BMW 30 мыңға тарта көлікті кері қайтарады

BMW компаниясы кардан білігі мен артқы дифференциал қосылысының тозуы мүмкін екендігіне байланысты АҚШ-та 27720 автокөлікті кері қайтарып жатыр, деп хабарлайды Tengri Auto.

Бұл шара 2022-2026 жылдары шыққан BMW 840i және 840i xDrive, 2021-2023 жылғы 540i, 540i xDrive және M550i xDrive, сондай-ақ 2024-2026 жылғы 750e xDrive үлгілеріне қатысты.

BMW мәліметінше, қосылыстың шамадан тыс тозуы артқы дөңгелектерге қуат берудің тоқтауына әкелуі мүмкін. Кей жағдайларда, егер автокөлік тұрақта болса және тұрақ тежегіші қосылмаса, машина өздігінен қозғалып кетуі ықтимал.

Instagram логотипін жаңартты

Instagram он жыл ішінде алғаш рет логотипін өзгертті. Бұл туралы компания басшысы Адам Моссери өзінің әлеуметтік желідегі парақшасында хабарлады, деп жазды 24 kg.

Оның айтуынша, логотип бұрынғыдан «ықшам әрі заманауи» бола түсуі үшін жаңартылған. Алайда өзгеріс қосымшаның белгішесіне емес, Instagram атауы жазылған қаріпке қатысты.

Instagram логотипі соңғы рет 2016 жылы түбегейлі өзгерген еді. Оған дейін қосымшаның белгішесінде Polaroid камерасының бейнесі болған.

Дайындаған
Әділжан ҮМБЕТ,
«Сыр бойы»

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына сейсенбі, бейсенбі, сенбі *(сенбілік екі нөмір)* күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”. | e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz | Таралымы 19663 | Тапсырыс №1435 | Кезекші редактор **Әділжан ҮМБЕТ**